

Ф. Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым,  
А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова,  
Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамеди,  
Р. Рахметова, Ж. Көпбаева

А 2009  
16595к

ҚАЗІРГІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

PrintS  
ИЗДАТЕЛЬСТВО

**Ф. Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым,  
А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова,  
Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади,  
Р. Рахметова, Ж. Көпбаева**

# **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

*Оқу құралы*

**PrintS**  
ИЗДАТЕЛЬСТВО

Алматы  
2005

**ББК 81.2Қаз я 7**

**Қ 22**

*Оқу құралын жоғарғы оқу орындары студенттеріне  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткізген  
оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкурс  
комиссиясының “Білім” мамандығы бойынша тобы ұсынады.*

*Пікір жазғандар:*

**Ә. Жүнісбеков**, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының профессоры, филология ғылымдарының докторы; **Б. Шалабаев**, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**Т. Ермекова**, қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

**Жалпы редакциясын басқарған:** педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Ф.Ш.Оразбаева**.

**Лексикология бөлімі бойынша:** Ф.Ш.Оразбаева, Г.Сағидолда – Қазақ тілінің сөздік құрамы мен негізгі сөздік қоры. Ұғым және мағына. Семасиология (Сөз мағынасының түрлері). Фразеология. Ф.Ш.Оразбаева, Қ.Есенова – Семасиология (Синоним. Омоним. Сөз варианттары. Антоним). Лексикография. Ф.Ш.Оразбаева, А.Қобланова – Этимология. Жалпы халықтық тілдің формалары. Лексикалық құбылыстар.

**Фонетика бөлімі бойынша:** Ұ.Исабекова.

**Морфология бөлімі бойынша:** Б.Қасым – Сөздің морфологиялық құрылымы. Сөз таптары. Етістіктің рай, шак және жақ категориясы. Болымдылық және болымсыздық категориясы. Есімше. Көсемше. Тұйық етістік. Қ.Қасабек – Етістіктің салттылық, сабақтылық категориясы. Етіс категориясы. Еліктеу сөздер. Одағай. Модаль сөздер. Ж.Балтабаева – Зат есім. Сын есім. Сан есім. Қ.Мұхамеди – Етістіктің аналитикалық форманттары. Қимылдың өту сипаты категориясы. Жетекші және көмекші етістіктер. Есімдік. Үстеу. Шылау.

**Синтаксис бөлімі бойынша:** Р.Рахметова – Сөз тіркесі синтаксисі. А.Қобланова – Жай сөйлем синтаксисі. Күрделенген жай сөйлем. Ж.Көпбаева – Сөйлем мүшелері. Құрмалас сөйлем синтаксисі.

**Қ 22** Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы:

Print-S, 2005. – 535 б.

**ISBN 9965-482-26-8**

**Қ 4602020400**  
**00 (05)–05**

**ББК 81.2Қаз я 7**

**ISBN 9965-482-26-8**

© Ф. Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова,  
Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамеди,  
Р. Рахметова, Ж. Көпбаева, 2005

## АЛҒЫ СӨЗ

«Қазіргі қазақ тілі» - лексика, фонетика және грамматика (морфология, синтаксис) деген салаларға бөлініп, жоғары оқу орындарында оқытылып келе жатқан үлкен ғылыми курс. Осындай бірнеше салаға бөлінетін ауқымды да негізгі курс арқылы студенттерге қазақ тілінің лексикалық қоры мен құрамы, дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы бойынша теориялық тұрғыда да, практикалық жағынан да жүйелі түрде терең білім беру негізгі нысан болып келді. Сондықтан бұл ғылыми курстың әр саласы бойынша оқу жоспары мен бағдарламасы, оқулықтары мен оқу құралдары бар. Бірақ тіл – уақытпен бірге дамып, жетіліп отыратын күрделі құбылыс, соған сай қазақ тіл білімінде де лингвистикалық зерттеулер теориялық жағынан тереңдеп, жаңа ізденістер кеңінен қанат жайып отырғандығын ескеруіміз керек. Сол себепті қазіргі қазақ тілінің жекелеген салалар бойынша жалпы теориялық және жеке мәселелерге қатысты жаңа пікірлерді жинақтап қамтыған, жаңа бағыттағы оқу құралын жазу қажеттігі туып отыр. Оның үстіне ұзақ уақыт морфология құрамында қаралып келген сөзжасам мәселесі де соңғы жылдары өз алдына жеке сала болып бөлініп шықты. Сөзжасам саласы бойынша (2002ж.) профессор Н.Оралбайдың оқулығы жазылғандықтан, сөзжасам мәселесі бұл оқу құралына енген жоқ. Ұсынылып отырған оқу құралында лексика, фонетика және морфология, синтаксис бөлімдері бойынша теориялық білім мазмұнын жаңа тұжырымдармен толықтырып беру басты міндет болды. Атап айтқанда, лексикология саласы бойынша қазақ тілінің сөздік қорын құрайтын лексемалардың тілдік табиғаты, семантикалық ерекшеліктері мен дамуы, әсіресе фразеологизмдерді зерттеу барысындағы тіл біліміндегі соңғы жетістіктер қамтылды. Сол сияқты қазақ тілінің фонетикасы бөлімінде қазақ жазуының дамуына байланысты тың деректер, ал тілдің грамматикалық құрылысындағы зат есімнің түбір тұлғасы мен атау септік тұлғасының ұқсастығы, айырмашылықтары, септіктердің қосымшасыз формаларына байланысты пікірлер ескерілді. Салт, сабақты етістіктер жеке категория ретінде берілді. Синтаксис бөлімі бойынша пысықтауыштың алтыншы түрі – мөлшер пысықтауыш, мәтін синтаксисі, оның ішінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыптары енгізілді.

Бұл оқу құралының екінші ерекшелігі – оқытудың жаңа технологиясы-кредиттік жүйеге байланысты практикалық сабақтар, студенттердің оқытушының жетекшілігімен және өз беттерімен істейтін жұмыстарының түрлері, әр тақырыпқа қатысты жаттығулардың үлгілері берілді. Сөйтіп, студенттің бұл курс бойынша теориялық білім ала отырып, практикалық жағынан да шыңдала түсуі мақсаты көзделді.

## ЛЕКСИКОЛОГИЯ ПӘНІ, ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ

Лексикология – сөз байлығын қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Тілімізде қанша сөз болса, солардың жиынтығы лексика немесе сөздік құрам делінеді. Ендеше, лексикология тілдің сөздік құрамын тексеретін ғылым болып табылады.

Лексикологияның зерттейтін объектісі – сөз. Белгілі бір заттың, оқиға, құбылыстың, қимыл, түр-түстің және тағы да басқа ұғымның атауын сөз дейміз.

Сөз белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың барлығына бірдей ортақ түсінікті болып табылады. Адам өзі түсінген, таныған заттарына, ұғымдарына атау тағады, оны күнделікті тұрмыста қарым-қатынас жасау, пікір алысу үшін қолданады. Тілдегі әрбір сөз белгілі бір ұғымның, түсініктің атауы болады. Әрбір сөздің білдіретін ұғымы сөз мағынасы делінеді.

Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орнын, шығу төркінін, қолданылу қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, сан қилы стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды лексикология (гректің *lexikos*- сөздік + *logos*- ілім сөздерінен) дейді. Қазақ тілінің лексикологиясы – қазақ тілінің сөздік құрамын (лексикасын) тексеретін ғылым.

Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады. Қазақ тілінің сөздік құрамы – халқымыздың басынан кешірген бүкіл өмірінің, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, куәсы іспеттес, замандар бойы біртіндеп қалыптасқан, ұзақ дамуының жемісі. Сондықтан лексиканы зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе деп қарауды міндеттейді. Яғни лексикология жекелеген сөздердің тобын емес, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесін қарастырады [35.63].

Қазақ тілінің сөздік құрамы халқымыздың басынан кешірген тарихынан, тіршілік еткен кәсібінен, материалдық байлығы мен рухани қазынасынан мол мәлімет бере алады.

Қазақ тілінің сөз байлығын лексикология ғылымының заңдылығына байланысты зерттегенде, біріншіден, мән-мағынасын, екіншіден, шығу тегін, үшіншіден, қарым-қатынас жасаудағы қолданылу аясын, төртіншіден, экспресивті-стильдік қызметін жан-жақты тексереді. Сондықтан да лексикология «сөз туралы сөз», сөздердің бүтін жиынтығы жайындағы ғылым деп түсінеміз [12.6].

Қазақ тіл білімінің лексикология саласы 1950 жылдан бастап жан-жақты зерттеліп, осы салада көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Қазақ лексикасының диахронды-синхронды жай-күйі қазақ тіл білімінде тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов, Ә.Болғанбаев, Р.Сыздық, Т.Жанұзақов, Ғ.Қалиев, Б.Хасанов, Айтбаев, К.Хұсайын, Б.Қалиев, Н.Уәлиев, Ф.Оразбаева, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектеріне негіз болғандығы белгілі.

Лексика қаттауына тек жеке сөздер емес, тұрақты тіркестер – фразеологизмдер де жатады. Сондықтан фразеологизмдердің мағыналық өзгерістерін зерттеу де жоғарыда аталған ғылым саласының үлесіне тиеді [64.701].

Лексикология сөздерді тілдің қазіргі даму тұрғысынан қарастыра отырып, әр халықтың өткен тарихымен де байланыстырады. Нақтылап айтқанда, тіл құбылыстарын диахронды және синхронды тұрғыдан зерттейді.

Лексикология тіл білімінің фонетика, грамматика сияқты салаларымен тығыз байланысты. Тілдің даму барысында лексикалық бірліктердің грамматикалануы өріс алып жатса, енді бірде сөз тіркестерінің бір бүтін лексикалық единицаға ауысу процесі қабат жүріп жатады. Мысалы, шығу төркіні жағынан о баста септік жалғауынан жасалған туынды үстеулер (*таңға, күнде, төтесінен, түнімен* т.б.) қазірде түбір мен қосымшаға бөліп-жаруға келмей, жымдасып кеткен. Бұның өзі лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстардың бір-біріне ықпалының күшті екендігін байқатады.

Тілімізде бірен-саран бір ғана дыбыстан тұратын (*у, и, а, ө, е, я*) сөздер болмаса, белгілі бір мағынаға ие болатын көбінесе бірнеше дыбыстардың тіркесінен тұратын сөздер болып табылады.

Тілде белгілі бір дыбыс өзгерсе, сөздің де мағынасы түгел өзгеріске ұшырайтын *ал, әл, ол, өл, аң, ау, аш* сияқты сөздердің орын алуы, жоғарыда айтылғандай, лексикологияның тіл білімінің фонетика саласымен де байланысты екендігін көрсетеді.

Сөз мағынасын тек дамумен, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжумен түсіндіру жеткіліксіз, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.с.с. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады. Ендеше, лексикология сөздердің шығу төркінін қарастыратын этимологиямен де байланысты.

Ана тіліміздің лексикасын туыстас тілдердің лексикасымен тарихи тұрғыда салыстыра зерттегенде ғана нәтиже беретіні анық.

Тіл қаттауларының ішінде сыртқы, яғни экстралингвистикалық деп аталатын факторлардың әсеріне ұшырағыш, өзгерімпазы – сөздік (лексика) саласы. Әрине, лексика қаттауының сол тілдің өзінің табиғи даму заңдылықтарына қарай, яғни ішкі лингвистикалық өзгерісі де болып жататыны белгілі. Бұлардың екеуін де диахрондық лексикология деген ғылым саласы зерттейді. Бұл өзгерістердің ішінде жиі ұшырайтыны сөз мағынасының өзгерісі, атап айтқанда, сөздің алғашқы мағынасының ұмыт болып, не қолданыстан шығып қалуы, не жаңа ұғым атауына айналуы, я болмаса қарама-қарсы мағыналарға ие болуы, сондай-ақ сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, сол мағынаны айқындай түсетін қосалқы элементтерді қабылдап қолданылуы, көне мағынаның тұрақты сөз тіркесі құрамында ғана сақталуы т.б. осы сияқты құбылыстарды тіл білімінің *тарихи* (диахрондық) *лексикология* тарауының *тарихи семасиология* бөлімі қарастырады [68.201].

Лексикология ономастика ғылымымен де байланысып жатады. Ол (ономастика) кісі, жер-су атауларын жеке объектісі ретінде қарастырады. Ол іштей кісі аттарын зерттейтін *антропонимика* мен географиялық жер-су атауларын анықтайтын *топонимика* сияқты екі салаға бөлінеді.

Сонымен, сөздердің тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика деп танысақ, сөз тіл білімінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика т.б. салаларының зерттеу нысаны бола алады.

Сөйтіп, сөздің құрылымдық сипатын тілдің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық заңдылықтарымен байланыстыра қарастырғанда ғана толық түсінуге мүмкіндік алуға болады.

Тіл қаттауларының ішінде сыртқы, яғни экстралингвистикалық факторлардың әсеріне ұшырағышы, өзгерімпазы - лексика саласы. Лексиканың экстралингвистикалық факторлардың әсерінен ғана емес, сол тілдің өзінің табиғи даму заңдылықтарына қарай, яғни ішкі лингвистикалық өзгерісі де болады. Бұлардың екеуін де диахрондық (тарихи) лексикология деп аталатын жалпы тіл білімінің субелі саласы зерттейді.


Тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан басты айырмашылығы - ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенеді. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу - оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру, жалпылама емес, нақтылы объектімен байланыстыру болмақ.

Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі - лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялары мен сан ғасырлық өмірлік тәжірибесіне қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдер қатарынан алатын орны, басқа тілдерге қатыстылығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Жалпы лексиканың тарихын зерттеуді, оның дамуындағы объективті заңдылықтарды анықтауды міндет ететін тарихи лексикология алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты этимология, семасиология, диалектология, этнолингвистика сияқты салалармен мүдделеседі. Ол осы салаларда қол жеткізген табыстар мен талдау әдістерін пайдалана отырып, қазақ тілінің тарихи лексикологиясы:

- 1) этностың шығу тарихына (этногенез);
- 2) этнос тілінің пайда болуына (глоттогенез);
- 3) халық тілінің базистік структурасына;
- 4) қазақ тілінің туыс, төркіндес және басқа тілдермен болған қарым-қатынасына;
- 5) сөздік құрамдағы сөздердің мағыналарының тарихи эволюциясына, яғни сөздердің қолданылу тарихына;
- 6) қазақ этнолексикасының тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарына;
- 7) әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсеріне қатысты проблемаларды тілдік фактілер мен тіл заңдылықтары негізінде қарастырады.

Синхрондық лексикология тілдің лексика қаттауының нақты бір кезеңдегі, дәлірек айтсақ, қазіргі кездегі статикалық қалып-күйін сипаттайды. Қазақ лексикологиясындағы синхронды-сипаттамалы бағыт қазақ тілі лексикалық жүйесінің осы заманғы даму барысын, сөздік құрамның баю, толысу жолдарын, сөздердің мағыналық және құрамдық түрлерін, экспрес-сивті-стилистикалық мөнін, қолданылу сипаты мен аясын (сфера) тексереді.

# І МОДУЛЬ



## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СӨЗДІК ҚОРЫ

### І БЛОК

#### Қазақ тілінің сөздік құрамы

##### Сөздік құрамдағы көнеру мен жаңару процестері.

Белгілі бір тілдегі сөздердің барлық жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын, яғни лексикасын құрайды. Қазақ тілінің сөздік құрамы тілдің күллі сөз байлығын тұтастай қамтиды.

"Сөз байлығы сөз санымен ғана емес, сол сөздердің беретін мағына ауқымына, мағыналық реңктердің алуандығына, көп мағыналығына қарап анықталады. Жалпы сөз байлығын, сөздік қорды толық түгендеу, сөз байлығын ғылыми тұрғыдан дұрыс анықтап, оның қайнар бұлақтарын аша білу, сол байлықтың қыр-сырын сөздіктерде көрсету өте күрделі де қиын дүние. Өйткені тіл қорындағы сөз байлығы - шегі жоқ теңіздей мол дүние. Ол күн санап жаңарып, толығып, жаңаланып отыратын организм іспеттес" дей келе, академик Ә.Т.Қайдар қазақ тілінің сөз байлығының қайнар көздеріне жергілікті тіл ерекшеліктерін, ғылыми-техникалық терминдер саласын, көнеден келе жатқан халықтық терминологиялық лексикалық қорды, жаңа сөз жасау мен сөздерді жаңа мағынада қолдану процесін, белгілі бір ұғым беретін мағыналық единицаларды (жай тіркес, лексикаланған тіркес, идиомдар, жұмбақтар, нақыл сөз, мақал-мәтелдер), гомогенді, гетерогенді омонимдер мен синонимдерді, лексикалық дублеттер мен фонетикалық варианттарға қатысты сөз қорын жатқызады [26. 119-121].

Сөздік құрамға қазақтың байырғы төл сөздері де, басқа халықтармен болған тарихи-мәдени қарым-қатынасы барысында енген кірме сөздер де, халықтық терминологиялық лексика да, ғылыми-техногендік өркениет



қалыптастырған жаңа тілдік қолданыстар мен ғылыми-техникалық терминдер де, белгілі бір аймақ ауқымында пайдаланылатын диалектизмдер мен нақты шаруашылық аясында қолданылатын кәсіби сөздер де, ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, дара сөздің бейнелі эквиваленті ретінде жұмсалатын фразеологизмдер мен ойды түйіндеп жеткізудің құралы іспетті мақал-мәтелдер де енеді. Олардың жұмсалыу аясы, қолданылу жиілігі, тарихи қалыптасуы, тілдік қызметі әр басқа болып келеді. Мәселен, қолданылу жиілігіне қарай сөздік құрамдағы сөздерді актив және пассив сөздер деп екі салаға бөлуге болады.

Актив сөздерге күнделікті өмірде жиі қолданылатын, тіл иесі халықтың кез келген өкіліне таныс, түсінікті сөздер жатады, ал пассив сөздерге терминдер, көнерген сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер т.б. сияқты жиі қолданылмайтын сөздер жатады.

Тілдің сөздік құрамы адамның қоғамдық, өндірістік, шығармашылық іс-әрекетімен тікелей байланысты үздіксіз жетіліп, дамып отырады. Қоғам өміріндегі әр түрлі өзгерістер мен жаңалықтар тілдің лексика саласында өз ізін қайтсе де қалдырып отырады. Қоғамдық өндірістің, өлеуметтік - экономикалық қатынастардың дамуы мен материалдық және рухани мәдениеттің барлық салаларындағы өзгерістерге байланысты пайда болған жаңа заттар мен құбылыстар, оларға қатысты өрбіген сан алуан ұғым-түсініктер тілде оларды сөзбен атаудың қажеттілігін тудырады. Осыған орай тілде жаңа сөздер, тілде бұрыннан бар сөздер негізінде жасалған жаңа тілдік қолданыстар пайда болады. Осылайша сөздік құрам үнемі жаңару, жаңғыру, даму үстінде болады. Даму барысында сөздік құрам үнемі тың, жаңа сөздермен толығып қана қоймайды, кейбір сирек қолданыстағы сөз басқа мағыналық реңк алып жиі қолданылатын сөзге айналып отырады, қайсыбір көнерген сөздер қолданыстан шығып қалып жатады.

Кейбір сөздер өздері атайтын заттар мен құбылыстардың ескіріп жойылуына байланысты көнеріп, сөздің пассив тобына айналады немесе күнделікті тілдік қолданыстан мүлдем шығып қалады. Көнерген сөздердің мұндай түрін историзмдер немесе тарихи лексика деп атайды. Мысалы: қорамсақ, оқа, кимешек, қосақ, желек, ділдә, сауыт, кебенек, адырна, шабарман, сауға, жандарал, марту, жезтырнақ, пері, т.б.

Қазақтың көне наным-сеніміне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, мемлекеттік құрылыс жүйесіне қатысты көптеген сөздер бүгінде қоғамдық-мемлекеттік құрылыстың, тұрмыстың өзгеруіне, салт-дәстүрдің сақталмауына, әдет-ғұрыптардың ығысып шығып қалуына байланысты сөздік құрамның пассив бөлігіне айналып отыр. Мысалы: хан, ханзада, қараша, жабасалма (киіз үйдің түрі), тұтқыш, тебінгі, тамызық, т.б.

Кейбір көнерген сөздер белгілейтін заттар мен құбылыстар, ұғым-түсініктер біржолата жоғалып кетпегенімен, оларды тілдің қазіргі деңгейінде басқаша атау орын алады. Жаңаша, басқаша аталатын заттар мен құбылыстардың, ұғымдар мен түсініктердің бұрынғы атаулары архаизмдер

деп аталады. Мысалы: **оғлан** - ұл дегеннің, **ұлығ** - лауазымды, жолы үлкен дегеннің, **шерік** - әскер дегеннің, **әйел бала** - қыз дегеннің ескіше аттары.

Архаизмдердің қайсыбіреулері қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістер барысында лексиканың пассив қабатынан қайтадан актив қабатқа өтуі - тілде бар құбылыс. Басқаша айтқанда, лексиканың актив және пассив қабаттарында үнемі бірінен біріне сөз ауысу, алмасу құбылысы жүріп отырады. Мәселен, XVIII-XIX ғасырларда халық тілінде актив қолданылған **қыркүйек, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз** деп аталған ай аттары кеңестік дәуірде тілдік қолданыстан шығып, оларды **сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь, январь, февраль, март, апрель, май, июнь, июль, август** сияқты орысша ай аттары алмастырғаны белгілі. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің биіктеуімен байланысты бүгінде қазақша ай аттары қайтадан актив лексикаға айналды.

Қазақстанның егемендігі қазақтың ұлттық мәдениетіне, этнографиялық әлеміне жаңғыру лебін әкелді. Осыған байланысты қазақтың ежелгі салт-дәстүрлері, рәсім-жоралғылары жандана бастады. Мәселен, Наурыз мейрамының жалпыхалықтық деңгейде тойлана бастауы наурызға қатысты тарихи лексикаға айналған **жарапазан, наурыз көже** сияқты атаулар, үйлену тойларында қалыңдықтың ұлттық киімге ден қоюына байланысты **сәукеле, бөшпет, қос өтек көйлек, бетмоншақ, шолпы тәрізді атаулар, киіп кигізу рәсіміне қатысты үш тоғыз, тоғыз тоғыз** деп аталатын тартулар аттары қайтадан активтенуде.

Көнерген сөздер көркем шығарма тілінде өткен дәуір келбетін танытуға байланысты белгілі бір стильдік мақсат көздеп жұмсалады. Көркем шығарма тілінде көнерген сөздердің бүгінгі оқырманға түсініксіз екені ескеріліп, кейде оларға түсініктеме бере кету орын алады [3.80].

Тілдің сөздік құрамында білдіретін ұғым-түсініктерінің, заттары мен құбылыстарының жойылып, жоғалуына немесе күңгірттенуіне байланысты қайсыбір сөздер қолданыстан шығып, көнеріп жататын болса, оның есесіне жаңа ұғым-түсініктердің, жаңа заттар мен құбылыстардың пайда болуы жаңа сөздерді тудырып, сөздік құрамның жаңарып, толығып отыруына ықпал етеді.

Тілде жаңа ұғымдарды білдіретін тың сөздер неологизмдер деп аталады. Жаңадан жасалған сөздер тың екені сезіліп тұрған кезінде ғана неологизмдер болып танылады, ал уақыт өткен сайын олардың сонылығы жойылып, жиі қолданылатын дағдылы сөздерге айналады.

Сөздік құрамдағы жаңару және жаңғыру процесіне тілдің сөзжасам жүйесі ат салысады. Қолданысқа еніп жататын сан ондаған жаңа сөздер тілде бұрыннан бар сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады. Мәселен, түбір сөзге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жаңа сөз жасау қазақ тіліндегі өнімді тәсілдің бірі десек, **ұшқыш, өндіріс, ілгіш, тыңайтқыш, үйірме, қондырғы, бірлік**, т.б. сөздердің жасалуына тілде бұрыннан бар сөздер мен сөз тудырушы қосымшалар негіз болып тұр. Синтетикалық тәсіл

арқылы жүлдегер, саясаткер, кәсіпкер, ойынхана, дәрісхана, дәріхана, көрермен т.б. көптеген жаңа сөздер жасалып, жалпыхалықтық, әдеби сипат алып, актив қолданысқа енді. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы күрделі сөздердің бір түрі біріккен сөздер жасалады. Екі немесе үш дербес, толық мағыналы сөздердің мағына мен дыбыстық құрам жағынан біртұтас-танып, бір ғана лексикалық бірлікке айналуына негізделетін біріккен сөздер ізімен бүгінгі қоғамымыздың келбетін танытатын **елбасы, әнұран, орынбасар, келіссөз, халықаралық, ұлтаралық т.б.**, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған **нарық, құн, баға (экономика), кейіптеу, суреттеу, теңеу (әдебиет), қозғалыс, қимыл (физика), сөз, мағына, буын, шылау (лингвистика), үшбұрыш, қосу, алу (математика)** сияқты ғылымның әр саласына қатысты терминдік сипаттағы сөздер жасалды.

Тіліміздегі әлемдік ғылыми техногендік өркениетке қатысты жаңалықтардың атаулары да неологизмдер болып танылады. Мысалы: **спутник, планетааралық, ұялы телефон, фотокошірме, теледидар, компьютер, автотранспорт, аэропорт, вокзал, т.б.**

Неологизмдер - бүгінгі қазақ қоғамының рухани және заттық әлеміне енген жаңалықтарды бейнелейтін, қазақ тілінің лексикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктер.

Сонымен сөздік құрам, бір жағынан, жаңа пайда болған, сырттан енген ауыс-түйіс сөздер арқылы байып, толығып жатса, екінші жағынан, қажетті өтеп барып, көнерген, ескірген сөздердің есебінен азайып отырады. Дегенмен көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржолата қолданыстан шығып қалмайды: олар тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті тілдің сөздік қорында көпке дейін сақталып қала береді. Ондай сөздердің төркіні мен сырын ашу да семантикалық, фонетикалық, морфологиялық, стильдік, тарихи-этнографиялық, социоллингвистикалық т.б. заңдылықтарға сүйене отырып жасалатын этимологиялық талдаулардың маңызы зор.

Қорыта айтқанда, тіл ішінде қарама-қарсы бағытта үздіксіз жүретін жаңғыру, жаңару, көнеру процестері - тілдегі сөз байлығын белгілі бір деңгейде ұстап тұратын, сөздік құрамды реттейтін басты тілдік заңдылық. Сөздік құрамдағы мұндай көнеру мен жаңару процесіне қарап, қоғам өмірінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістердің тілге әсерін барлауға болады.

**Қазақ тілі сөздік құрамының стратифигграфиялық қабаттары.**

Қазақ тілінің сөздік құрамы 3 тілдік стратифигграфиялық қабаттан тұрады:

- 1) жалпытүркілік қабат;
- 2) қазақтың байырғы төл сөздерінен тұратын тілдік қабат;
- 3) кірме сөздер қабаты.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме қабатты араб-парсы, монғол, орыс тілдерінен енген сөздер құрайды. Олар - қазақ халқының заманалар ағымында араб, парсы, моңғол, орыс халықтарымен болған тарихи, мәдени, саяси, әлеуметтік байланыстарының, қарым-қатынасының нәтижесі.

Ислам дінінің Дешті Қыпшаққа еңдей таралуы, сауда-саттықтың дамуы, шығыстың классикалық әдеби мұраларының далалық үлгіде жырлануы сияқты экстралингвистикалық факторлар әсерінен қазақ тіліне араб-парсы сөздері қазақтың біртұтас халықтық тілі қалыптасқанға дейін-ақ, орта ғасырлардың алғашқы ширегінен ене бастады. Қазақ тілінің сөздік құрамына мықтап орныққан мектеп, медіресе, мәдениет, қаражат, несие, дарбаза, мемлекет, дүние, тәржіме, абырой, арождан, ғылым, ілім, парасат, дұға, азан, қиямет-қайым, шариғат, тамұқ, құрбан, айт, намаз сияқты көптеген сөздердің, тіптен Уәли, Уәсила, Гауһар, Фатима, Мұхамет, Жамал, Мәлік т.б. адам есімдерінің шығу тегі араб-парсы тілдеріне барып саяды.

Қазақ тілінің сөздік құрамында түп-төркіні түркі-монғол ортақтығына алып баратын сөздер мен таза моңғол тілінен енген сөздер де орын алады. Қазақ тіліндегі алтын, темір, жез, болат, мал, дөнежін, құнан, бұғы, арыстан, жапсар, абысан, қара, көк, сары т.б. көптеген сөздердің түркі тілдерінің басым көпшілігінде және моңғол тілінде сәл дыбыстық ерекшеліктермен (алтан, төмөр, зэс, болд, мал, дөнежин, гунан, буга, арслан, завсар, авьсан, хар, хөх, шар) кездесуінің қыр-сырын ашу алтаистика ғылымындағы түркі-монғол тілдерінің генетикалық жақындығы жайлы шешімін таппаған күрделі мәселемен ұштасады.

Аса көрнекті алтаист, поляк ғалымы В.Котвич монғол тілі лексикасының шамамен 25%, морфологиялық элементтерінің 50% түркі тілдерімен ортақ болып келетінін айтады [30.351]. Көрнекті ғалым Рәбиға Сыздық түркі-монғол ортақтығына барып саятын бірқыдыру сөздердің қазақ тілінде әбден қалыптасып, жымдасқан сөз тіркестерін құрайтынын, оларды монғолдардан енген кірме сөз деп санауға болмайтынын айтады. Ғалым айылын жимау, тұралап қалу, құр атқа мінгендей сияқты тұрақты тіркестер құрамындағы "үрей" мағынасындағы айыл, "арықтау" мағынасындағы тұралау, "өткен жылдан мінілмеген тың ат" мағынасындағы құр сөздерін түркі-монғолға ортақ сөз ретінде таниды [64.211].

Түркі-монғол тілдерінің базистік лексикасын және грамматикалық жүйесін салыстыра зерттеуші белгілі ғалым Б.Базылхан "Монғолша - қазақша" сөздікке енген 40 мың сөздің 60% екі тілге ортақ сөздер екенін айтады [13.4-7].

Айрықша тұрақтылығымен, бейнелілігімен ерекшеленетін, бір тілден екінші тілге ене қоюы қиын фразеологиялық бірліктерді қазақ және монғол тілдері аралық деңгейде этнолингвистикалық тұрғыдан салыстыра-салғастыра зерттеген Г.Сағидолда көптеген фразеологизмдердің қазақ-монғол тілдеріне ортақ болып келуінің себебін екі халықтың бейнелі ойлауы мен ғаламды тануында желілестік, этномәдени болмысында тектестік бар екенімен түсіндіреді [72.234].

Қазақ тілінің сөздік құрамында монғолдың алдар "атақ, даңқ, мәртебе, дәреже", баримт "негіз, дәлел, факт", хариулт "жауап қайтару", нөхөр "жолдас", хурал "жиын, жиналыс" сөздерімен төркіндес алдияр, барымта,

қарымта, нөкер, құрылтай т.б. түп тегі таза монғол тіліне барып саятын көптеген сөздер, **Тарбағатай "суырлы"**, **Доланқара "жеті қара"**, **Нарынқол "жіңішке өзен"**, **Толағай "төбе"**, **Байынқол "бай өзен"** тәрізді монғол тілінің лексикасы негізінде жасалған жер-су аттары көптеп кездеседі. Бұлар - қазақ ру-тайпаларының монғол ру-тайпаларымен болған көршілестік, жаугершілік, саяси, мәдени қарым-қатынастарының нәтижесі, XIII ғасырдан кейінгі кезеңдерде монғол тілінен енген кірме тілдік элементтер.

Қазақ және орыс халықтары да атам заманнан іргелес өмір сүрген көрші елдер. Олардың арасындағы өте ертеден келе жатқан сауда-саттық, шаруашылық және мәдени байланыстар XVII ғасырдың ортасында Ресей империясының қазақ даласын бағындырып, 250 жылдан астам уақыт үстемдік етуіне байланысты тіптен нығая түскені белгілі. Қазақ лексикологтері қазақ тілінің сөздік құрамына орыс тілінен енген кірме сөздерді: 1) 1917ж. Қазан революциясына дейінгі; 2) 1917ж. Қазан революциясынан кейінгі деп 2 кезеңге бөліп қарастырады [35.142-149].

Революцияға дейінгі кезеңде қазақтар арасына орыс сөздері, негізінен, ауызекі сөйлеу тілі арқылы тарады. Бұл кезеңде орыс тілінен ауысқан **мөшке**, **бөкебай**, **күршек**, **тұрба**, **қамыт**, **самауыр**, **шәйнек**, **сөтке**, **шірөт**, **сияз**, **гормошка**, **шен**, **ауылнай**, **жандарал** тәрізді көптеген сөздер қазақ әдеби тілінде қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес емлеге сай өзгертілген қалпында қолданылады.

Кеңестік дәуірде орыс тілінің ықпалымен қазақ тілі өзінің жаңа қоғамдық, саяси, ғылыми терминологиясын қалыптастырды. Мұнда көптеген термин сөздер орыс тіліндегі түр-тұрпатын сақтап, еш өзгеріссіз қабылданса, кейбіреулері қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылды, яғни қазақтың төл сөздері мен олардан жасалған туынды сөздер орыс терминіне балама ретінде алынды. Мысалы, өткен ғасырдың 20 жылдарында қазақ ауылдарын советтендіру туралы партия саясатына байланысты **кооперация**, **совет құрылысы** (советский строй), **ауылдық совет** (аульский совет), **кәсіподақ** (профсоюз), **орташа** (средняк), **жеке шаруа** (единоличник) т.б., ал 30 жылдардың басында алғашқы бесжылдық жоспарларды қабылдау және жаппай коллективтендіруге қатысты **конфискелеу** (конфискация), **колхозшы** (колхозник), **екпінді** (ударник), **социалды жарыс** (социалистическое соревнование), **ауатком** (райисполком), **бесжылдық** (пятилетка) т.б., елдегі саяси өзгерістерге байланысты **партия мүшесі** (член партии), **партбюро**, **партиялық тазарту** (партийная чистка), **аудандық партия комитеті** (районный партийный комитет), **социалистік сана** (социалистическое сознание), **сауаттандыру** (обучение грамоте) т.б. терминдер туындады.

40 жылдары орта мектепке арналған оқулықтардың шыға бастауы, Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары география, математика, биология, химия, физика, грамматика, әдебиеттану т.б. пәндері бойынша оқу құралдарының, ал 70 жылдары техникалық мамандар дайындайтын оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының молаюы қазақ терми-

нологиясын жасау мен бір ізге түсіруде айрықша оң ықпал етті. Бұл жылдары ғылымның сан түрлі саласына қатысты циклон, меридиан, синтаксис, синоним, дифтонг, поэма, проза, жанр, архитектор, дизайн, дирижер, изотерма, изолятор, т.б. көптеген терминдер тілдік қолданысқа енді.

Қазақ тілінде сөз тудырушы жұрнақтарды интернационалдық сипаттағы және орыс тіліндегі терминдерге жалғау арқылы термин жасау тәсілі кеңінен қолданылады. Мысалы, спортшы, комбайыншы, механикаландыру, аграрлық, экономикалық, газдандыру, электрлендіру, демократизациялау, редакциялау, алгебралық символика т.б. ғылыми терминологияны жетілдірудегі қолданылатын өнімді тәсілдердің бірі - орыс терминдерін калькалау. Мысалы, Социалистік еңбек ері (Герой социалистического труда), куәлік (свидетельство), келісім (соглашение), шарт (договор), көрсеткіш (показатель), өндіргіш күштер (производительные силы), айналым (оборот), т.б.

Қазіргі қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұстанатын басты принцип - қазақ тілінің өзінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану. Бұл ұстанымның ана тіліміздің дұрыс, жақсы қолданылуына, табиғи заңдылықтарының бұзылмауына, ұлттық колоритінен айырмауына тигізер ықпалы зор.

Қазақ тілін сөздік құрамының кірме қабатын құрайтын сөздер уақыт озған сайын фонетикалық, грамматикалық және семантикалық тұрғыдан меңгеріліп тілдік жүйеге біртіндеп кірігеді, сіңіседі. Басқа тілден енген сөздердің қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай икемделуі олардың фонетикалық жақтан игерілуін көрсетеді. Мысалы, бөшке (бочка), самаурын (самовар), көреует (кровать), божы (вожжи), т.б.

Бөтен тілден енген сөздің қабылдаушы тілдің грамматикалық заңдылықтарына бағына түрленуі олардың грамматикалық тұрғыдан игерілуін танытады. Мысалы, иран тілінен енген баға, жан, арзан сияқты есім сөздерден қазақ тілінің жұрнақтары жалғану арқылы бағалау, жандану, арзандау тәрізді етістіктер жасалып, қазақтың байырғы етістіктері қалай түрленсе, бұлар да солай түрленеді. Қамыттау, реттеу, соттау, нөмірлеу, электрлендіру сияқты орыс тілінен енген сөздердің қазақ тіліндегі қосымшаларды қабылдауы және олардың қазақтың төл етістіктеріндей түрленуі де бұл сөздердің грамматикалық жақтан игерілуін танытады.

Бөтен тілден енген сөздердің басым көпшілігі өздерінің әу бастағы мағынасын сақтайды, қабылдаушы тілде семантикалық тұрғыдан өзгеріске көп түсе қоймайды. Әйтсе де кірме сөздердің о бастағы мағынасын құбылтып, өзгертетіндері сирек те болса кездеседі. Мысалы, француз тілінде “сөз” деген мағынаны білдіретін *parole* сөзі орыс тілінде *пароль* “жасырын шартты белгі”, “жасырын сөз” деген мағынада қолданылады, ал қазақ тіліне *пароль* сөзі орыс тілі арқылы енгендіктен, оның әу бастағы француз тіліндегі мағынасы емес, орыс тіліндегі мағынасы сақталған.

Қорыта айтқанда, сөздік құрам, ең алдымен, сөз тудырудың сан алуан тәсілдері арқылы сол тілдің ішкі мүмкіншіліктері негізінде, тілде бұрыннан

бар сөздерден туынды сөздер, жаңа сөздер жасау арқылы жетіліп, дамып отырады. Сонымен қатар басқа тілдерден енген кірме сөздер де сөздік құрамның толығына, баюына әсер етеді.

## II БЛОК

### Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры

Қазақ тілінің сөздік құрамының негізгі ұйтқысы, қайнар көзі, ең маңызды бөлігі - негізгі сөздік қор десек, оның негізін жалпытүркілік лексика мен қазақтың байырғы төл сөздері құрайды.

Қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бір буынды сөздер мен олардан таралған туынды сөздердің шығу төркіні жалпы түркілік ортақ лексикалық қорға апарады.

Түркі тілдерінің туыстығының кепілі ретінде танылатын жалпытүркілік лексика қазіргі түркі тілдерінің әрқайсысының дыбыстық жүйесінің ерекшелігіне сай сыртқы түр-тұрпат тұрғысынан азды-көпті айырмашылықта болып келеді. Бұл айырмашылықтар түркі тілдері арасындағы тілдік заңдылықтардың бірі болып танылатын п~б~м, х~т~с~й, й~ж~д~ч, с~ш~һ, т~ч т.б. дыбыстық сәйкестіктерге негізделеді. Мысалы, пакки (өзбек), бәкә (ұйғыр), бәкі (қазақ), маки (қырғыз), пеки (қарақалпақ, түркмен); жыл (қазақ, қырғыз), ел (татар), йыл (башқұрт, құмық), йил (өзбек), чыл (тува), уіл (түрік); от (қазақ, қырғыз, құмық, тува), ут (башқұрт, өзбек), од (әзербайжан), вут (чуваш); тақағу (көне түркі), тавык (татар), тауық (қазақ, башқұрт), товуқ (өзбек), тавук (түрік), т.б.

Түркі тілдерінің орналасу мекенін негізге ала отырып және түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін ескеріп, В.В.Радлов оларды: 1) шығыс тобы, 2) батыс тобы, 3) орта Азия тобы, 4) оңтүстік тобы деп төртке бөледі. Батыс тобына енген қырғыз, қазақ, башқұрт, Батыс Сібір татарлары, Еділ татарлары тілдеріне тән басты фонетикалық ерекшелік ретінде ғалым мыналарды атап көрсетеді: 1) сөз басында қатаң дауыссыздардан қ, к, т, п дыбыстарының қолданылуы (гүн орнына - күн); 2) сөз басында ұяң б дыбысының келуі (пас орнына - бас); 3) сөз басында д дыбысының қолданылуы; 4) сөз соңында үнсіз дауыссыздардың қолданылуы; 5) сөз соңындағы қатаң дауыссыздың дауысты дыбыстың алдында тұрып ұяңдауы (кітап - кітабы, етік - етігі); 6) сөз соңындағы т дыбысы дауыстыдан басталған қосымша алдында өзінің қатаңдық қасиетін сақтауы; 7) л (жуан) және л (жіңішке) дыбыстарын ажыратуы; 8) с, з, ш дыбыстарының сөздің барлық позициясында кездесуі; 9) с~ш, ч~ш, ч~ц дыбыстарының сәйкестік түзуі (қырғызша таш, қазақша тас); 10) э~и, ө~ү, о~у дыбыстарының өзара сәйкес келуі (қырғызша қол, татарша құл), т.б. [29.194].

Қазақ тілінде бұл күнде сирек қолданылатын, мағынасы күңгірттенген сөздердің қыр-сырына үңіліп, оларға ғылыми этимологиялық талдау жасауда

түркі тілдеріне ортақ лексиканың дыбыстық ерекшеліктеріне, мағыналық реңкілік айырмашылықтарына жүгінудің, яғни туыстас түркі тілдері материалдарына сүйенудің маңызы зор. Мәселен, ХІХ орта тұсында жасап өткен Дулат Бабатайұлы бір өлеңінде:

Абыз демей, не дейміз,

Шалы орнынан тұрған соң,-

дейді. Мұндағы абыз сөзі, Л.Будаговтың көрсетуі бойынша, Қазан татарлары тілінде “оқымысты, білгір, сауатты адам”, тобыл наречіесінде абзи “аға”, абыз тотай, одан қысқарған абыстай “апай, дін басы болған адамның әйелі, мұғалім әйел”, башқұртша абсай “ана, шеше”, абыз өтмек, абызламақ “оқыту, ағарту”, абызмақ “оқу, сауаттану”. Қазіргі қазақ тілінде абыз - көне сөз, “көп білетін, білгір, білімді адам” және “сәуегей, көріпкел”. Абышқа (абшыйақ) сөзі бірнеше фонетикалық вариантта құбылып келіп, бірқатар көне, тірі түркі тілдерінде немесе олардың диалектілерінде “қарт адам, қария, әйелдің ері, шал”, кейде тіпті “кәрі әйел” ұғымын береді. Бұл сөздің түбірі - абы/абу/аба немесе абыш “шал”. Ал аба - (түрлі фонетикалық вариантта) түркі-монғол тілдерінде “әке, ата, әкенің ағасы” мағынасын беретін сөз. Қырғыз тілінде “қадірмен” мағынасын беретін абығай сөзінің аб/аба тұлғасымен тамырластығы даусыз, өйткені жасы үлкен адам, ата, әке - қадірлі, құрметті адамдар. Демек, бұл күнде сирек қолданылатын, көбінесе бұрынғы өлең-толғаулар мен қазіргі тарихи, көркем шығармаларда кездесетін абыз сөзі өзінің түп тамырындағы “ата, әке, қарт адам” деген мағынасын да, одан ауысқан “көпті көрген білгір, сауатты, білімді адам” деген мағынасын да көмескілендіріп, “дана, ақылшы, көреген қария” деген ұғымда жұмсалған, жұмсалатын сөз. Бұл сөздің қазақ тіліндегі қолданысында өзге түркі тілдеріндегі және ертедегі мағыналық реңктері (қария адам болуы, көп нәрсені байымдай алатын білімді болуы, сәуегейлік қасиеттің болуы) сақталған [64. 14].

Жалпытүркілік лексикалық қорды және сөздік құрамды зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіс пайдаланылады. Мұндай зерттеулерде туыстас тілдердің материалдары таңдалынып алынып, олар жазба ескерткіштердегі тілдік фактілермен семантикалық және түр-түрпат тұрғысынан салыстырылады, тек тіл деңгейіндегі көне тұлғасына жорамал жасалады. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде тары сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетіледі: 1) дәнді дақылдың бір түрі: астық деп арпа, бидай, жүгері, тарының бәрін жалпы атайды; 2) осы дақылдың дәні. Тары сөзі өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, т.б. түркі тілдерінде қолданылады. Қарақалпақ тілінде тары: 1) егіннің ең соңында егілетін дәнді дақылдың бір түрі; 2) сөк болатын дән. Өзбек тілінде тарик, қырғыз тілінде тару - дәнді дақыл. ХІV ғасыр әдеби жазба ескерткіштер тілінде “дән” мағынасында тары және тарық сөздері қатар қолданылған. М.Қашғаридың “Диуанында” тары сөзі тарық (таріг) формасында кездесіп, оның, бірінші - “дана”, “ұрық”; екінші - “бидай”, “тары”; үшінші - жалпы “егін”/деген үш түрлі мағынасы беріледі және тарығ



сөзіне түрлі қосымшалар қосылып жасалған тарығланды - “дөнді болды”, тарығлық - “егін егетін жер”, тарығлығ - “дөн сақтайтын жер”, тарігліг - “егін егетін жер”, тарығчы - “дихан” тәрізді сөздер көрсетіледі. Демек, тары сөзінің жалпы түркілік көне формасы таріг/тарығ. Түркі тілдерінде сөз соңында келетін қ, к, ғ, г дыбыстарының түсіп қалуы да кездесетін құбылыс. Мәселен, ұлығ/ұлы, сарығ/сары, кішіг/кіші т.б. [29.99].

Э.В.Севортян, А.М.Щербак, Э.Р.Тенищев, Э.И.Фазылов, А.К.Боровков, Э.Наджив, Б.А.Серебренников, А.А.Юлдашев, А.Батманов, К.Юдахин, Ә.Т.Қайдаров, К.Мусаев, Н.К.Дмитриев, А.Зайончковский, А.Н.Кононов, В.Г.Егоров, Н.З.Гаджиева, Ғ.Айдаров, А.Ибатов, Ә.Құрышжанов, К.Махмудов, Е.И.Убрятова, Дж.Киекбаев, Б.Орузбаева, т.б. түрколог ғалымдардың түркі тілдеріне ортақ лексикалық қорды анықтауға, жалпы-түркілік сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық, стильдік ерекшеліктерін айқындауға бағытталған, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасын зертеуге арналған фундаментальді еңбектері түркітану ғылымының, сонымен қатар жекелеген түркі тілдерінің әрқайсысының тарихи фонетика, тарихи лексикология, тарихи грамматика, этимология сияқты салаларының теориялық - методологиялық негізін құрайды.

Түркі тілдеріне ортақ лексиканы зерттеуде, түркілік сөздік құрамды анықтауда “Древне-тюркский словарь”, В.В.Радловтың “Опыт словаря тюркских наречий”, Л.Будаговтың “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий”, Э.К.Пекарскийдің “Словарь якутского языка”, Э.В.Севортяның “Этимологический словарь тюркских языков” деп аталатын сөздіктердің қызметі, алатын орны ерекше.

Түркі тілдеріне ортақ сөздік қорды құраушы жалпытүркілік сөздер әрбір түркі тілі лексикасының ең көне қабатына жататындықтан, олардың әрқайсысының негізгі сөздік қорының ұйытқысы болып саналады. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бір буынды сөздер мен олардың негізінде сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды тілдік бірліктер (жылқышы, малшы, балалық, түндік, тартпа, ашытқы, күрек, соғым, қуаныш, сағыныш, бассыз, сулы, ұйқышыл, оқтаудай, қолтықтау, көгендеу, суғару, ауызша, ертеңгісін, т.б.) өз бастауын түркілік лексикалық ортақ қордан алады. Бұл қор өз кезегінде жалпытүркілік бір ғана тек тілдің (ата тіл) болғанын, ал қазіргі түркі тілдері сол өте ертедегі тек тілдің диалектілерінен таралғанын айғақтайды. Түркітану ғылымында түркілік тек тіл мәселесі түркі тілдес халықтардың этногенезісі проблемасымен сабақтастықта қарастырылады.

Қазақтың байырғы төл лексикасы болып саналатын туысқандықты білдіретін апа, ата, нағашы, аға, қарындас, күйеу, ене, құда, құдағи, т.б. мал шаруашылығына қатысты болып келетін атан, айғыр, түйе, қой, ешкі, дөнен, құнан, т.б., географиялық жағдайға, жер рельефіне қатысты тау, тас, көл, тақыр, жыра, сай-сала, оба, т.б., бір, екі, үш, төрт, он,

мың, т.б сандық ұғымдар атауын, іс-қимылды білдіретін келу, кету, бару, жату, отыру, жүгіру, т.б., түсті металдарға байланысты алтын, күміс, мыс, жез, болат, қорғасын, темір, т.б., жан-жануар, құс атауларына қатысты арыстан, қабан, бұғы, аю, бұлан, аққу, бөдене, қырғауыл, қаз, т.б., табиғат құбылыстарына қатысты жауын, боран, жел, бұршақ, қар, т.б., аспан денелеріне байланысты ай, күн, үркер, жұлдыз, шолпан, т.б, түр-түске қатысты қызыл, сары, көк, қоңыр, жасыл, ақ, шаңқан, қара, жирен т.б. көптеген сөздермен дыбыстық және семантикалық тұрғыдан сәйкестік түзіп жататын сөздерді басқа да түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тобына енетін тілдердің (қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарлары) лексикалық қорынан молынан кездестіруге болады.

Қазақ тілінің негізгі сөздік қорына жалпытүркілік бір буынды лексиканың және оның негізінде жасалған туынды сөздердің сыртында, қазақ ру-тайпаларының қыпшақ этногенетикалық қауымдастығынан бөлініп шығып, өз алдына дербес халық болып қалыптасқаннан кейінгі кездерде пайда болған қазақтың ұлттық өмір салтына, дүниетанымына, рухани және заттық мәдениетіне қатысты болып келетін және жалпыхалықтық және әдеби сипатта қолданылатын байырғы төл сөздері де енеді. Мысалы: жар-жар, бесік, сәукеле, қыршын, жебе, сауыт, ақ берен, адырна, желбау, сырмақ, төкемет, сақина, жүзік, жағдан (бұйым салатын, сәнді тігілген қап), адал бақан, шымылдық, кимешек-шылауыш, желек, тайтұяқ, бөстек, бесбармақ, қазы-қарта, жал-жая, қуырдақ, қымыз, щұбат, бойжеткен, жан қалта, киіп, жол азық, т.б.

Негізінен жалпы түркілік лексика мен байырғы қазақ сөздерінен және олардан өрбіген туынды сөздерден құралатын қазақ тілінің негізгі сөздік қоры сөздік құрамдағы қазақ тіліне өте ерте кездерде араб-парсы, монғол, орыс тілдерінен ауысқан, түр-тұлға және мағына тұрғысынан тілдік жүйеге әбден сіңісіп, жалпы халықтық және әдеби сипат алған кірме сөздермен толығып отырады. Мәселен, араб-парсы тілдерінен енген ар, абырой, дәулет, бақ, сабыр, уәде, пейіл, әлем, иман, пейіш, ғылым, дос, саудагер, өнер, арзан, баға, монғол тілінен енген түмен, төре, жосық, орыс тілінен енген поштабай, жандарал, кереует, сөлкебай, самауыр, ауылнай, ояз, т.б. сөздер - тұлғалық өзгерістерге түсіп, негізгі сөздік қорға әбден сіңісіп, қазақтың төл сөзі болып кеткендер.

Негізгі сөздік қор - тілдің сөздік құрамының мағыналық арқауы, семантикалық негізі, жаңа сөздерді жасаудың ұйытқысы. Негізгі сөздік қордың мынадай басты-басты 3 белгісін көрсетуге болады [35.152]:

1. Тұрақтылық - негізгі сөздік қорға тән басты белгі. Бірнеше ғасырлар бойы үзіліссіз қолданылып келе жатқан, атап айтқанда Орхон-Енисей сына жазуында да, орта ғасырлық түркілік жазба ескерткіштер тілінде де кездесіп жататын және қазіргі түркі тілдерінің базистік лексикасы болып табылатын

ат, ер, тұл, күң, сіз, ол, боз, оң, теріс, ай, күн, түн, теңіз, аз, қара, бар, кел, өкін, т.б. көптеген сөздердің негізгі сөздік қордың жасалуына ұйытқы болуы, оның тұрақтылық қасиетін көрсетеді. Дегенмен негізгі сөздік қорға тән тұрақтылық қасиет дегеннің өзі шартты ұғым. Өйткені сөздік құрамның дамуы негізгі сөздік қорға ықпалын тигізбей қоймайды. Тілдің тарихи дамуы барысында негізгі сөздік қор туынды тілдік бірліктер, кейінірек пайда болғанымен жалпы халықтық сипат алған байырғы сөздер, тілге ертеректе келіп енген, әбден сіңіскен кірме сөздер есебінен толығып отырады.

2. Негізгі сөздік қорға тән екінші қасиет - оның жаңа сөз жасауға база болу потенциалының жоғары болуы. Негізгі сөздік қор құрамындағы бір буынды түбір сөздерден қаншама туынды түбір сөздер, ал туынды түбір сөздерден жаңа сөздер өрбиді. Мысалы: көл түбірінен көлшік, көлдету, көл бақа сөздері, ек сөзінен егін, егіншілік, егіндік сөздері, көк сын есімінен көкшіл, көк өніс, көгілдір сөздері туындайтын болса, көне ұр түбірінен ұрық, ұран, ұрпақ, ұрғашы, үрім-бұтақ, күр- дыбыстық еліктеуішінен күрс, күрсіл, күрсілдеу, күрт, күртілдеу, күрк, күркіл, күркілдеу, күрп, күрпіл, күрпілдеу т.б. түбірлес сөздер өрбиді.

3. Негізгі сөздік қорға тән басты белгінің бірі - оның жалпы халықтық сипатында, яғни негізгі сөздік қорға енетін сөздердің сол тілде сөйлейтін адамдардың кәсібіне, білім дәрежесіне, әлеуметтік орнына, жас мөлшеріне т.б. қарамастан, жалпы көпшіліктің бәріне бірдей түсінікті болып келуі.

### **Студенттің оқытушымен орындайтын жұмысы (СООЖ):**

1. Қазақ тілінің лексикалық құрамын тілдік тегіне қарай талдау.
2. Қазақ тілінің лексикалық құрамын әлеуметтік-диалектілік құрамына қарай талдау.
3. Қазақтың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетіне қатысты сөздердің семантикалық өрісі.
4. Қазақ - орыс тілдерінің өзара қарым-қатынасы.
5. Қазақ-моңғол тілдерінің өзара байланысы.
6. Қазақ тіліндегі арабизмдер.

### **Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ):**

1. Қазақ тілінің сөз байлығы.
2. Сөздік құрамның дамуына әсер ететін факторлар.
3. Қазақ тілінің диалектілері мен сөйленістеріндегі ерекшеліктер.
4. Көнерген сөздердің көркем шығармадағы қолданылуы (Ә.Нұрпейісовтың "Қан мен тер" романы бойынша)

**1-тапсырма. 1. Мәтіннен жалпы түркілік лексикалық қорға енетін сөздерді анықтаңыз.**

### **Қыз өссе - елдің көркі**

Қай ата-ананы алсақ та, қызының ертең барған жерінде балдай батып, судай сіңіп кетуін, жақсы жар, әдепті келін, аяулы ана болуын армандайды.

Қасиетті ана қызының тәрбиелі жан болып өсуі үшін жасынан ақ шашты қарияның алдынан аттатпай өсіреді. Халқымыз, “келіннің аяғынан, қойшының таяғынан” дегенде, жаңа отаудың береке - құтын, ағайын-туыс, ауыл арасындағы беделін, болашақ ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие беруін келіннің жаман-жақсы қасиеттерімен өлшеген.

Қазақ халқы келіннің келген жерінде жақсы жар, абзал ана, ұқыпты әйел болуы, біріншіден, оның өскен ортасына байланысты десе, екіншіден, келген жеріне де байланысты деп қарайды. Жаңа түскен келінге ежелері қонақ күту, бала тәрбиелеу, үй ұстау, т.б. мәселелерде үнемі ақыл-кеңес беріп, үйретіп отырады. “Келіннің жақсы болмағы қайын ененің топырағынан деп, ененің жас келінге қамқоршы болуын талап еткен. Сондықтан да “жақсы ауылға келген келін - келін, жаман ауылға келген келін - келсап” деп текке айтпайды.

*Қазақ халқының салт-дәстүрлері*

**2. Сөздік құрам мен негізгі сөздік қордың айырмашылығы қандай?**

**2-тапсырма. 1. Мәтіннен көнерген сөздерді табыңыз. Олардың көнерген сөздердің қай түріне жататынын анықтаңыз.**

### **Киіз үй жиһаздары**

Қазақтың киіз үйіне лайықтап жасалатын үй жиһазына: кебеже, абдыра, кереует, ағаш төсек, жастық, жүк аяқ, түс киіз, кілем, адалбақан, сырмақ, текемет, бірсалар, тулақ, құрақ көрпе, тұлып, қоржын, аяқ қап, шымылдық, т.б. заттар жатады. Ал қазан, таба, тостақ, ағаш қасық, тегеш, шөміш, елеуіш, күбі, келі, торсық, т.б. - көшпелі қазақтың күнделікті тұтынатын ыдыс-аяқтары.

Кілем - сәнді тоқылатын, баспананың жылылығын сақтайтын үй жиһазы. Оларды тоқылу ерекшелігіне қарай түкті кілем, тақыр кілем деп, қосалқы белгілеріне қарай қалы кілем, шашақты кілем, оқалы кілем деп жіктейді.

Сырмақ - ою бастырып немесе жиекпен өрнектелетін, сырыған төсеніш. Сырмақ жоғары сапалы үлпілдек жүннен басылған жұқа киізден жасалады. Оның ою-өрнегіне сәйкес бірнеше түрі болады: ақ киізді қара киізбен немесе қызыл, жасыл, сары, көк түстерге боялған жұқа киіздерді ойыстырып жасаған, шымқай ақ киіздің бетіне қызыл, көк, сары маталардан ою ойып бастырған сырмақтар.

Абдыра - киім-кешек салатын, сәнді жасалған кебеженің бір түрі.  
Киіз үй ішінің сәнін келтіретін жиһаздардың бірі - төсек ағаш. Оның беті ою-өрнектермен әшекейленеді. Төсекті сүйекпен әшекейлеу үшін майдан тазартылған, әбден қайнатылып жұмсарған жылқының, түйенің жауырын және қабырға сүйектері пайдаланылған.

2. Көнерген сөздер дегенді қалай түсінесіз? Олардың қандай түрлері бар?

3-тапсырма. 1. Мәтіннен кәсіпке қатысты сөздерді табыңыздар.

### Ата кәсіп

Ертеде ата-бабаларымыз амандасқанда: "Мал-жан аман ба?" - деп сұрайтын. Осы бір ауыз сөздің өзінен қазақ өмірінде малдың орны ерекше екенін ұғуға болады. Малдың күші, сүті, жүні, еті, терісі - халық өмірінің, тіршілік-тынысының негізі болды.

Малшылық - адамзаттың байырғы дәуірден бері бірге жасасып келе жатқан кәсібі. Ол қоғамның әлеуметтік дамуына зор әсер етті, жаңа қарым-қатынастар, мәдениет, өркениет, өнердің, ой-сананың қалыптасуына әкелді.

Қазақ халқы негізінен мал шаруашылығымен, ал қосалқы кәсіп ретінде егіншілікпен, балық аулаумен, аңшылықпен айналысты.

Қазақ қой-ешкі, жылқы, түйе, сиыр тәрізді төрт түлік малын іштей ірі қара, ұсақ мал деп екіге бөліп, мал ыңғайына қарай жаз жайлауға, қыс қыстауға, күз күзеуге, көк шыға мал төлдер уақытта көктеуге көшіп отырды.

2. Малдың жасына қатысты атаулардың кестелік тізбесін жасаңыздар.

3. Кәсіби сөздер мен халықтық терминологиялық лексиканың ара қатысын ажыратыңыздар.

4. Сөзжасам тәсілдерінің сөздік құрамды байытудағы орны қандай? Мысалдармен дәлелдеңіз.

4-жаттығу. 1. Абай өлеңдерінен қазақ тіліне араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздерді анықтаңыз. Олардың қай кезеңде, қандай жолмен енгенін, қандай тұлғалық өзгеріске түскенін көрсетіңіз.

1. Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар аңдығанға.  
Жақсы ат пен тау жолдас - бір ғанибет,  
Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға.

*/Қансонарда бүркітші шығады аңға/*

2. Тіл буынсыз, бой - таза гүл,  
Ақылы артық, ары зор,  
Ол - перизат, ойла, өзің біл,  
Не болады, болса қор.

*/Онегиннің Татьянаға жауабы/*

3. Ендихатсыз, михнатсыз  
Табылмас ғылым сарасы.  
Аз білгенін көпсінсе,  
Көп қазаққа епсінсе,  
Кімге тиер панасы.


*/Интернатта оқып жүр/*

4. Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл махрұм қалмағыма кім кінәлі,  
Қолымды деп сермесем өстер ме едім?

*/Жасымда ғылым бар деп ескермедім/*

2. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің синонимін табыңыздар.

## II МОДУЛЬ



### ҰҒЫМ ЖӘНЕ СӨЗ МАҒЫНАСЫ

#### I БЛОК

##### Ұғым және сөз

##### **Ұғым және сөз мағынасы арасындағы байланыс**

Сөз бар жерде ұғым бар. Ұғым сөз мағынасымен тікелей байланысып, оймен, ойлаумен ұштасып жатады.

Ұғым адам танымына негізделеді. Танымның төменгі сатысы болып табылатын сезімдік таным адамның көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін алу сияқты нақты физиологиялық каналдары негізінде жүзеге асады. Олар арқылы адам айналасындағы қоршаған дүниені қабылдайды. Бұл процесс мида белгілі бір нәрсе туралы түйсік тудырады. Заттардың, құбылыстардың сезім мүшелерімізге тікелей әсер еткенде олардың жеке белгілерінің санада бейнеленуі түйсік деп аталады. Егер түйсіктің нәтижесінде адам шындық болмыстағы заттардың, құбылыстардың жеке қасиеттері, сапалары туралы мағлұмат алатын болса, қабылдау кезінде заттың, құбылыстың тұтас бейнесін сезінеді, бағамдайды. Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан ұрпақ жалғасып келе жатқан тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады.

Заттар мен құбылыстардың сезім мүшелерімізге тікелей әсер етпеген кездегі көрнекі, тұрақты, жалпы белгілерінің санамызда бейнеленуі елестету деп аталады. Елестету түйсік пен қабылдаудан ойға ауысу сатысы болып табылады.

Танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық процесс - ойлау сезімдік танымға негізделеді, санадағы бейнелерге сүйенеді. Дүниедегі құбылыстарды, жекелеген фактілерді қабылдай отырып, адам оларды ойша өңдейді, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып біледі. Осылайша дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасында сәулеленеді, зерделенеді, олар туралы ұғым пайда болады. Ұғым шындық өмірдің ең жалпы, ең қажетті жақтарын білдіреді. Демек, ұғым - заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, ойда қорытылған, жинақталған бейнесі. Ұғым - заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы және мәнді белгілері туралы ой [79.5-6].

Ұғымның туғаны оны жарыққа шығаратын атаудың, яғни сөздің пайда болуына әкеледі. Сөйтіп, сөз ұғымның материалдық жағы, басқаша айтқанда материализациялануы болады. "Ұғымды сөз жинақтайды, аяқтайды. Адамның сезім күйі ұғым мазмұнын қабылдағандай дәрежеге жеткен кезеңде сөз - түйсікті ұғымға айналдыратын форма болады" [32.14].

Ұғым - логикалық категория да, ал мағына - лингвистикалық категория. Ұғым дүниенің бейнесі ретінде санада өмір сүреді. Ұғым сөзге мағына түрінде бекітілген жағдайда дүниенің тілдік бейнесі түзіледі. Санадағы ұғымның адамдардың қоғамдық өмір тәжірибесі барысында сөздік қабыққа бекітілген бөлігі ұғымдық мағына деп аталады. Сөзбен бірге өмір сүретін ұғымдық мағынада материалдық дүниенің белгілі бір дәрежедегі бейнесі көрініс табады [60.82-88]. Ұғымдық мағына ғылыми әдебиеттерде заттық-логикалық ұғым деп те аталады.

Адам санасында өмір сүретін ұғым мен сөзге бекіген ұғымдық мағына бірдей болмайды. Логикалық - заттық ұғымға ие болған әрбір сөз тарихи даму барысында әлденеше тілдік мағыналарға ие болып, өзінің семантикалық аясын кеңейтеді, осыған орай сөздің грамматикалық мағыналары да байи түседі. Басқаша айтқанда, әлденеше тілдік мағынаға ие болған сөз ұғымдық мағынадан тыс адамның ақиқат дүниеге деген көзқарасын да, әр алуан көңіл күйі мен сезімін де білдіре алатын қабілетке ие болады. Сөйтіп, ұғым мен сөз мағынасының арасы уақыт өткен сайын алшақтай түседі [73.9].

Әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Заттар мен құбылыстар сөз арқылы анықталады да, сөздің білдіретін мағынасы белгілі бір ұғыммен сабақтасады. Сөздер мен олардың білдіріп тұрған мағыналары, олардың арғы жағында жатқан ұғымдар саны жағынан бірдей емес. Сөзге қарағанда ұғым-мағыналар одан әлдеқайда көп және өте күрделі.

Ұғым мен мағынаны жеке сөздер ғана емес, сөз тіркестері бере алады. Әрқайсысы белгілі бір ұғым беретін мағыналық единицалар қатарына жататын жай тіркес, лексикаланған тіркес, тұрақты тіркес, идиомдар, кіші жанрға кіретін жұмбақ, нақыл сөз, мақал-мәтелдердің әрқайсысының беретін ұғымы сөздерге қарағанда әлдеқайда күрделі, ауқымды, астарлы, бейнелі. Мысалы, қой көз, бота көз, жылқы мінез, т.б. осы сияқты тіркестердегі қой, бота, жылқы деген сөздер өздерінің лексикалық мағынасынан әлдеқашан